



ӘЛЕМГЕ ТОЛСА КӨКІРЕГІҢ, АШЫЛАР КӨЗІ САНАНЫҢ



Өз елім менің

**Н.Ә.Назарбаев: Отанды сүю-
суығына шыдап, ыстығына күй**

Отаныңа деген сезім мен мақтаныш
оның рәміздеріне деген құрметтен
басталады.

Мейлі, сен патша бол, малшы бол,
бәрібір...Атамекеніңнен табаның
тайса-жетімсің...

Жастарға айтарым: бақытты өмірді
басқа жерден іздемеңдер.

Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның
ашыса, азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің
нығайып-көркеюі жолында жан теріңді
сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің
де иесі өзің екенін ұмытпа!

Мына дүниенің дидарында “Жаным -
арымның садағасы” деген сөзден
артық ұлы сөз жоқ. Соны айтқан-қазақ.

Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық
қасиет және ұлтқа деген сенім болу
керек.

“Атамекен” деген сөзде кие бар.
Атамекен десек, арманда кеткен
бабалардың бүгінгі ақталған үміті еске
түседі.

Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет
ете білсең, елің де сені алақанға салып
аялай біледі.

Еліміздің төл валютасы- Теңгеге-20 жыл



Еліміздің төл валютасы - теңгенің
айналымға енгеніне - 20 жыл. 1993
жылы Елбасы Нұрсұлтан
Назарбаевтың Жарлығымен теңге
ұлттық валюта болып бекітілді. Сол
күннен бастап тәуелсіз елдің алғашқы
рәміздерінің біріне айналды.
20 жылдық мерекеге орай алдағы
уақытта 20 мың теңгелік жаңа банкнот
шығарылады.

Төл теңгеміздің алғашқы дизайнерлері
- Алина Меңдібаева, Тимур
Сүлейменов, Әкімсалы Дүзелханов,
Хайролла Ғабжәлелов сынды
шығармашылық топ болды.
Теңге айналымға енгелі дизайны екі
рет өзгерді. 1995 жылдан бері теңге
Алматыдағы банкнот фабрикасында
басылып шығады. Ал темір ақшалар
Өскемендегі Монета сарайында
соғылады. Барлық тиындар заманауи
лазерлік аппараттармен дайындалады.
Әрбір монетаны дизайнерлер ою-
өрнектермен көмкеріп, өзгеше етіп
әзірлеуге тырысады. Шетелдіктердің
төл теңгемізге таңдана қарайтыны
сондықтан. 20 жылда бір емес,
бірнеше қаржы дағдарысына төтеп
бере алды. Қазір теңгенің қорғаныш
қабілеті жетілдіріліп, кескін-келбеті
өзгерді. Дәл осы дизайнерлік
ерекшеліктері үшін ұлттық теңгеміз
сан мәрте халықаралық бәйгелерден
үздік атанып, ең көріктісі саналды.

Имандылық тұтқасы




“Қызғалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы

Қонақ қабылдай білесіз бе?

1. Өз құрбы-достарыңызды қонаққа шақырмас бұрын міндетті түрде ата-анаңыздың рұқсатын алып, қонақ шақыратын күн мен өзің шақырғын келетін қонақтардың санын келісіп алғаның дұрыс.
2. Шақырылған кісілер өз істерін жоспарлап, сіз шақырған күнін бос қалдыру үшін қонаққа алдын ала шақыру керек.
3. Тіпті қонақ шақыратын күніңізді қонақтарыңыздың барлығына ыңғайлы болу үшін олармен келісіп алуыңызға да болады.
4. Мүмкіндігінше қонаққа шақырған күніңді өзгертпеуге тырысу керек, себебі барлық шақырған кісілеріңіздің сол күні сізге барамыз деп жиналып отырғандықтан көңіл-күйі түседі.
5. Қонақтарды алдын ала шақыру билеті арқылы немесе жақын туыстарыңыз бен достарыңызды телефонмен де шақыруға болады.

Қонақ келер алдында

Қонақты тек таза ұқыпты жиналған үйге шақыру керек. Сондықтан алдын ала үйдің ішін жинап, жиһаз бен еденнің шаңын сүртіп тазалау қажет. Қонақ келер алдында қонақтардың киімін ілуге орын босату үшін киім ілгіштегі басы артық заттарды жинап шкафқа салып таста. Ұқыпты үй иелері жуынатын бөлмеге қонаққа арнап сүлгілер іліп қояды. Егер біреу-міреу тарағын үйіне ұмытып кетіп немесе таба алмай қалып жатса пайдалану үшін кіре беріс бөлме мен жуынатын бөлмеде қонақтарға арнап тарақ қойып қойыңыз.



“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы



Жақсы адамның өз мойнына алған борышы темір шынжырдан да, аттың кісенінен де мықты.

Өміріңе қауіп төніп тұрса да, ел-жұртың ұялатын, азаматтығыңа кір келтіретін нәрсеге аяқ баспа.

Әркімнің ішкі нұр сәулесінің үш аты бар: еңбекқорлық, кішіпейілділік, жақсылық.

Кім өзін жұрттан артық санаса, сол ақымақ.

Қолыңда Сүлеймендей қуат болса да, қылдырықтай құмырысқаға қиянат жасама.

Бар байлықты жинауға тырысқан адам-бақытсыз.



Гибратты
аңгімелерді оқы,
көңілге тоқы!
Тесік шелек

Бір кісі қожайынының үйіне екі шелекті іліп алып иінағашпен су тасиды екен. Екі шелектің біреуі тесіліп, үйге жеткенше жарты шелек су сыздықтап ағып кететін болады. Бұл жағдай екі жыл бойы жалғасады. Қатты қысылып жүрген тесік шелексі тасушыға: “Сізден кешірім сұраймын. Ұяттан өртеніп жаздап жүрмін”, - дейді. Су тасушы: “Оған бола қайғырма. Одан да” жолдың сен жағындағы гүлдерін бір байқашы”, - депті. Байқаса, жолдың өз жағы иісі аңқыған небір гүлдерге толы екен.

Гимназия жаңалықтары

Ұлттық валюта –теңгемізге 20 жыл

14 қараша күні 7сынып оқушыларымен «Қалта ақшасы: қажеттілік пе әлде көңіл көтеру ме?» тақырыбында әңгіме өткізілді. Тақырып бойынша алдымен оқушылар «Қалта ақшасы деген не?» сұрақ төңірегінде әңгіме қозғалып, «Қалта ақшасы қажеттілік пе, әлде көңіл көтеру ме?» деген сауалға бірі қажеттілік десе, екіншісі көңіл көтеру деп жауап берді.

«Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ»

1-19 қараша аралығындағы «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өтті «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып жетекшілер оқушылармен әңгіме өткізіп, онкүндіктің мақсатымен таныстырып, кеңестер берді. «Инабат» қыз балалар клубы «Ерте жаста отбасын құру: оң теріс жақтары» тақырыбында ток шоу өткізіп, өзара пікіралысты. «Отбасы тұрмысының қолайсыздығын қалай жеңуге болады?» тақырыбында ата-аналарға әдістемелік көмектер берілді. «Жасөспірім және құқық» мектебінің жетекшісі Нұртазина Мейрамгүл «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында оқушыларға құқықтық сабақ өткізді.



Балаларды зорлық-зомбылықтан сақтайық!

15 қараша күні “Балаларды зорлық зомбылықтан сақтайық!” тақырыбы бойынша Хромтау аудандық ішкі істер бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Нурова Гүлдана Даулетовнамен кездесу болып өтті. Тақырып бойынша баяндама оқылып, талқыланды.



Күзгі бал

Күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу. ауызбіршілік, ынтымақтастық, өзара қарым-қатынас орнату мақсатында «Күзгі бал» болып өтті. «Күзгі бал» мерекесіне оқушылар белсене қатыса отырып, нәтижесінде Берді мен Зере «Үздік жұп» атанды.



Бетті дайындаған: Ғани Арайлым

Бәріңе, бәріңе, бәріңе !



**Дүниеде талай
қызық бар**

Сүйектер туралы таңғажайып фактілер

Біздің денеміздің көп бөліктерінің үштен бірі судан тұрады, ал сүйектер тек бестен бір бөлігін ғана құрайды. Бас сүйекте 22 сүйек бар, оның 14-і бет және 8-і бас ми сүйегі.

Ең ұсақ сүйектер – құлақтағы ұсақ үш сүйек. Ең ұзын сүйек – бүкіл дененің төрттен бір бөлігін құрайтын сан сүйегі. Ең жалпақ сүйек – жамбас сүйек. Көптеген адамдарда 12 жұп қабырға бар, тек 500 адамның бірінде ғана 11 немесе 13 жұп қабырға болады.

Үстіне кеме орналасқан қонақ үй

Сингапур қаласындағы ең қымбат қонақ үйдің үстіне үш палубалы кеме орналасқан. 55 қабатты үйдің үстінде орналасқан кеме көз алдына елестетіп көрші. Керемет емес пе? Кеменің аумағы 12400 шарша метр. Ең жоғарғы палубасында 200 метр биіктікте “аспан саябағы” салынған. Онда экзотикалық ағаштардың 250 түрі, ал түрлі өсімдіктердің 650 түрі бар. Ең тамашасы – саябақтың ортасында сарқырама, 150 метрлік хауыз (бассейн) бар.

**Жинақтаған: Құдыретиллаев Ислам
6 сынып білім алушысы.
“Құбылнама” клубының мүшесі**

Өзіңді-өзің ретте!

Әр адам өз өмірінің бағытын анықтауға тиісті. Ол үшін мына ережелерді басшылыққа алсаңдар дұрыс болады:

- Өмірде қандай жақсылық болса, соны көре білдіңдер;
 - Өмірде кездесетін ұсақтыққа назар аудармаңдар;
 - Өмірдің ең құнды жақтарын алуға тырысыңдар;
 - Адамның әлсіздігіне шыдамдылықпен қараңыз, ондай жағдай сіздің де өміріңізде кездесуі мүмкін;
 - Өмірде жақсылық та, жамандық та болады, сондықтан оның жақсылығына рақаттаныңыз, ал жамандығына ренжімеңіз.
- Сөйтіп өмірлік бағыт дегеніміз әркімнің өз өмірлік жолын таңдауына әкеледі. Жас кезінде адамның алдында әртүрлі жолдар тұрады. Бірақ адам оған жетуі үшін біреуін ғана таңдауы мүмкін. Ол қайсысы? Ол сені қайда апарады? Адамның өмір жолы жеңілдікпен ғана тұрмайды, ол ауыр да болуы да мүмкін. Өмірдегі жеңіл жол әдетте тез таусылады және ештеңеге жеткізбейді. Жас адамға кез келген қиындық ештеңе емес, өйткені оның бойында күш-жігер бар. Батыл, намысшыл, қорықпайтын адам өз бағытынан таймайды. Сондықтан өмірлік жолды, өмірлік бағытты таңдай отырып адамгершілік, әділдік, адалдық, шыншылдық, ар-ұят тәрізді адамдық асыл қасиеттерді басшылыққа алу керек.

Ұша білген қанатқа дүние кең

Құттықтаймыз!!!



Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, келешек ұрпақты Отанына деген мақтанш сезімге тәрбиелеу, өз елінің өткен тарихы бойынша білімін кеңейту мақсатында өткізілген “Қазақстан Республикасындағы жас патриоттардың құқығы мен міндеттері” атты облыстық шығарма байқауында жақсы шеберлік көрсетіп гимназия тәлімгері Имангазина Жұлдыз ІІІ орынды иеленді.



“Ең үздік жыл психологі” атты республикалық конкурсында гимназия психологы Күшербаева Анарым “Үздік авторлық бағдарлама” номинациясын жеңіп алды.




Кемерово қаласында өткен допты хоккейден Әлем кубогының жеңімпаздары Жайназар Райымбек, Тойған Әліби, Жайназар Бауыржан.

Тапқыр болсаң, тауып көр!



Суретте бейнеленген барлық заттардың атауын тек атау септігінде оқу керек.



Ребусты дұрыс шешсеңіз заттың аты шығады.

Құрастырған: “Құбылнама” клубының мүшесі. Секенов Мирбек 6 сынып білім алушысы.



Білгенге - маржан

Қазақстанның жеті кереметі

1. Тамғалы таңбалы тас



1957 жылы Алматыдан 170 км жерде табылған. Ежелгі петроглифтер б.з.д. II-мыңжылдықтың ортасында пайда болған. Тастан тарихты оқуға болады.

2. Алтын адам

III-IV ғасырдағы Сақ тайпасының мәдениетінен орын алған жәдігер



3. Домбыра.

Домбыра-халық даналығы, көшпелі елдің көнекөз шежіресі. Ғалымдар 2 мың жыл бұрын пайда болғандығын дәлелдейді. Домбыра әр дәуірде мәдениетімізде дарынды тұлғалардың дүниеге келуіне мүмкіндік туғызды.



4. “Астана-бәйтерек” монументі.



Төбесіндегі алтын күн-монументтің негізі. Әлемде бірінші рет диаметрі 22 м, салмағы 300тонна тұратын күннің түсуіне

Қарай түсін өзгертетін “хамелеон” әйнегінен жасалынған шар биіктігі жағынан (97 м) рекордқа ие болды.

5. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

1396-1399 жылы Әмір Темірдің парсы шеберлеріне Түркістан қаласында кесене салдырған. 2003 жылы кесене ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енді.



6. Маңғыстау мешіті

Бекет Ата жерасты мешіті. Маңғыстаудағы Оғыланды шоқысынан Қашалған тарихи-сәулет ескерткіші. Бекет Ата емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген. Бұхарада оқып, ілім жинаған. Дін ғұламаларының арасында Пір атанған.



7. Киіз үй

Киіз үй тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды.



Мұны да біле жүр!


Әлемнің жеті кереметі:

1. Мысыр пирамидалары
2. Бабылдың аспалы бағы
3. Эфестегі Артемида ғимараты
4. Олимпиададағы Зевстің мүсіні
5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы
6. Гелиостың мүсіні
7. Александрия шамшырағы

Бас редактор: Елеусизова Әлия Мухамбетқызы

Тарату бөлімі: “Құбылнама” клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.
Мекен жайы: Хромтау қаласы
Әуезов көшесі 126



1. Introduction

2. Background

3. Methodology

4. Results

5. Discussion

6. Conclusion

7. References

8. Appendix

9. Glossary

10. Acknowledgments

11. Contact Information

12. Disclaimer

13. Copyright

14. Privacy Policy

15. Terms of Service

16. About Us

17. Mission Statement

18. Vision Statement

19. Core Values

20. History

21. Leadership

22. Board of Directors

23. Executive Team

24. Organizational Chart

25. Financial Statements

26. Annual Report

27. Sustainability Report

28. Social Responsibility Report

29. Environmental Impact Report

30. Human Resources Report

31. Marketing Report

32. Sales Report

33. Customer Satisfaction Report

34. Employee Engagement Report

35. Innovation Report

36. Research and Development Report

37. Quality Management Report

38. Risk Management Report

39. Compliance Report

40. Legal Report

41. Tax Report

42. Audit Report

43. Internal Control Report

44. Information Security Report

45. Data Privacy Report

46. Cybersecurity Report

47. Environmental, Social, and Governance (ESG) Report

48. Diversity and Inclusion Report

49. Ethics and Compliance Report

50. Governance Report